

## **Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылға ауыл шаруашылық өнімдерінің жекелеген түрлерін сатып алу көлемін көрсетпеу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 8 тамыз 1994 ж. N 883. Ескерту. ҚРМК-нің 1994.10.04. N 1105 қаулысын қараңыз.

Қалыптасқан қаржы-кредит жағдайын ескере отырып, агроөнеркәсіп кешенінде нарықтық қатынастардың ауқымын кеңейту, селолық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және беру туралы" 1994 жылғы 10 қаңтардағы N 48 P940048\_ қаулысының N 2 қосымшасында көзделген, бюджеттің қаражат және банк кредиті есебінен сатып алынатын 5 миллион тонна мөлшеріндегі дәнді дақылдардан басқа, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылға ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу көлемін көрсетпеу жөніндегі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, "Астық", "Тағам" мемлекеттік акционерлік компанияларымен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Мемлекеттік тапсырыс беруші "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылға дәнді дақылдар сатып алу көлемі және оның облыстар бойынша бөлінуі N 1 және 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

3. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып тауар өндірушілер мен дайындаушы ұйымдар арасында 1994 жылы астық сатып алу мен беруге қайтадан контракттар жасауды қамтамасыз етсін. Бұл ретте мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алу мен беруге фьючерлік контракттар мен бұрын жасалған мәмілелер және олар бойынша жүргізілген есеп айырысулар үстіміздегі жылы күшін сақтайтын болады.

Аталған мақсатқа астық желілік кәсіпорындарына барынша жеткізілетін болсын.

4. "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясына тауар өндірушілермен уағдаласқан бағада тікелей шарттар бойынша спирт және сыра қайнату өнеркәсібі үшін астық, сондай-ақ майлы дақылдар мен қант қызылшасын сатып алуға рұқсат етілсін.

5. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының дайындау ұйымдары тауар өндірушілерден мемлекет мұқтажы үшін дақылдар сатып аларда қолданылатын негізгі сатып алу бағасы N 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Аталған негізгі бағалар астық сату кезінде ішкі биржалық рынокта қалыптасатын баға бойынша түзету енгізуді ескергенде мемлекет мұқтажына сатып алынатын астықтың еркін шарттық бағасын белгілейтін шаруашылықтар мен дайындау

ұйымдары үшін бағдар болып табылады.

6. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы осы қаулымен белгіленген баға бойынша тауар өндірушілерге оларға 1994 жылғы ақпан-сәуір айларында қолданылған негізгі баға бойынша фьючерлік контракт жасалған дақылдардың төленбеген көлемінің құнына төлем жасауды қамтамасыз етсін.

7. Форвардтық (фьючерлік) мәміле шартымен мемлекет мұқтажы үшін картоп, көкөніс, қант қызылшасы мен майлы дақылдар тұқымын сатып алуға дайындаушылар мен тауар өндірушілер арасында бұрын жасалған шарттар жойылатын болсын.

Осы мақсатқа бюджеттен бөлінген қаражатты аталған өнімдерді 1994 жылдың өнімімен сатып алу аванспен ресімделіп, кейіннен қант қызылшасы мен майлы дақылдар бойынша - 1994 жылғы 31 желтоқсанға дейін, ал картоп пен көкөніс бойынша - 1995 жылғы I мамырға дейін дайындау ұйымдары тарапынан республикалық бюджетке қайтарылатын болсын.

8. "Жеміс" Республикалық жеміс-көкөніс құрамалары бірлестігі арнаулы тұтынушылар үшін 34 мың тонна картоп, 16,7 мың тонна көкөніс сақтайтын болсын.

9. "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кәсіпорындары шарттығы бойынша 15 мың тонна ет және 6 мың тонна мал майын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервіне жинауды қоса отырып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылы сатып алынатын мал шаруашылығы өнімдерін беру туралы" 1994 жылғы 21 ақпандағы N 203 қаулысында және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылғы 7 қаңтардағы N 18-2 өкімінде тұтынушылар үшін көзделген ет, сүт және жұмыртқа ресурстары мен берілімдерін қалыптастыру кредит ресурстары және өнімдер жөнелтілетін тұтынушылардың дер кезінде төлем жасауы есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

10. Өндірілген өнім ресурстарын игеру және қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының халқын тағам өнімдерінің барлық түрлерімен жабдықтау үшін жауапкершілік жергілікті әкімдерге және осы қалалар мен орталықтарда бағынысты кәсіпорындары мен ұйымдары бар министрліктер мен ведомстволардың басшыларына жүктелсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу үшін "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясына бюджетте көзделген қаражатты бөлуді жеделдетсін.

12. Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен, Қаржы министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен және мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялармен бірлесе отырып бюджеттік қаражатпен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік ресурсқа сатып алу үшін "Астық", "Береке", "Тағам", "Жеңілөнеркәсіп" мемлекеттік акционерлік және холдингтік компанияларына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

кредит желілерін ашу туралы ұсынысты пысықтап, Үкіметтің қарауына енгізетін болсын.

13. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және беру туралы" 1994 жылғы 10 қаңтардағы N 48 қаулысының 7-тармағындағы төртінші-алтыншы абзацтары, 8-тармағы, "Легпром" мемлекеттік холдинг компаниясы" бөлімін қоспағанда, 1-қосымшасы және N 2 қосымшасы;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және беру туралы" 1994 жылғы 10 қаңтардағы N 48 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 ақпандағы N 160 қаулысының 9-абзацы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 8 тамыздағы  
N 883 қаулысына  
N 1 қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылға бюджет  
қаражаты мен банк кредиті есебінен сатып алынатын  
дәнді дақылдар сатып алудың  
Көлемі

"Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы

-----

(мың тонна)

Дәнді дақылдар - барлығы	5000
оның ішінде тұқымдық	300
Дақылдар бойынша:	
бидай - барлығы (III кластан төмен емес)	4000
оның:	
жұмсағы	3780

қаттысы	220
қара бидай	65
тары	150
қарақұмық	60
жүгері - барлығы	300
оның ішінде тұқымдық	100
арпа (II кластан төмен емес)	215
бұршақтылар	10
күріш	200

---

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 8 тамыздағы  
N 883 қаулысына  
N 2 қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылға облыстар бойынша

бюджет қаражаты мен банк кредиті есебінен сатып  
алынатын дәнді дақылдар сатып алудың  
көлемі (мың тонна)

---

Облыстар ! Дән! Дақылдар бойынша сатып алынатын  
! ді ! астықтың жалпы көлемінен  
! дақ!-----  
! ылд! бидай ! қа! та! қа! жү! ар! бұ! кү  
! ар !-----! ра! ры! ра! ге! па! рш! рі

! бар!бар! оның ! би! ! құ! рі! ! ақ! ш  
! лы !лығ!-----! да! !мық!бар! !тұқ!  
! ғы !ы !жұмсағ!қатты! й! ! !лығ! !ымд!  
! ! !ы !сы ! ! ! !ы ! !ас!

---

Ақмола	600	590	550	40	-	-	-	-	10	-	-
Ақтөбе	310	220	210	10	10	40	-	-	40	-	-
Алматы	120	20	20	-	-	-	-	90	-	-	10
Шығыс Қазақстан	140	100	100	-	10	-	20	-	-	10	-
Жамбыл	200	130	130	-	-	-	-	70	-	-	-
Жезқазған	50	50	50	-	-	-	-	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	290	200	200	-	30	40	-	-	20	-	-
Қарағанды	160	160	160	-	-	-	-	-	-	-	-
Қызылорда	140	-	-	-	-	-	-	-	-	-	140
Көкшетау	530	520	470	50	-	-	-	-	10	-	-
Қостанай	850	825	780	45	-	15	5	-	5	-	-
Павлодар	230	150	150	-	-	50	20	-	10	-	-
Солтүстік Қазақстан	450	385	355	30	-	-	-	-	65	-	-
Семей	120	70	70	-	15	5	15	-	15	-	-
Талдықорған	170	85	85	-	-	-	-	70	5	-	10
Торғай	480	445	400	45	-	-	-	-	35	-	-
Оңтүстік Қазақстан	160	50	50	-	-	-	-	70	-	-	40
Жиыны	5000	4000	3780	220	65	150	60	300	215	10	200

---

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 8 тамыздағы

№ 883 қаулысына

№ 3 қосымша

Дәнді дақылдарды сатып алу кезінде қолданылатын  
негізгі сатып алу бағасы (қосылған құнға салықсыз)

-----	
Дақылдардың атауы	! Тоннаға теңгемен
-----	
1	! 2
-----	
Қатты бидай	
І класты	3600
ІІ класты	3100
ІІІ класты	2900
ІV класты (жармалық-)	1900
V класты	1400
Жұмсақ бидай	
жоғарғы класты	4000
І класты	3600
ІІ класты	3100
ІІІ класты	2900
ІV класты	1900
V класты	1400
Дәндік күріш	
Жоғары класты	4400
І класты	4000
ІІ класты	3500
ІІІ класты	2900
Тары	
І класты	3000
ІІ класты	2400
ІІІ класты	2200

Арпа

I класты	2700
II класты	1900
сыра қайнататын арпа	2900

#### Сұлы

I класты	2700
II класты	1900
III класты	1700
IV класты	1400

#### Қара бидай

A тобы (I, II, III класты)	2700
B тобы (IV класты)	1600

#### Қаракұмық

I класты	4300
II класты	4000
III класты	3400

#### Жүгері

I класты	5600
II класты	5200
III класты	4800

#### Бұршақ

I класты	3600
II класты	3100
III класты	2700